

КЕҢЕС ОДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНЫҢ, ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ ЭКОНОМИКАНЫ ҚҰРУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ТУРАЛЫ (1941-1945 ЖЖ.)

Адамбек Б.К., т.ғ.к., профессор
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды, Қазақстан
adambekb@bk.ru

Соңғы уақытта Ұлы Отан соғысы туралы тақырып, қарала бастаған кезде, саясаткерлерде және тарихшыларда әр түрлі пікірлер жазылып жатқаны белгілі жағдай. Көбінесе өткен соғыс туралы еңбек шығарғандар, бұл соғыстың КСРО-халықтарының майдандағы ерлігі мен тылдағы ерен еңбегі арқылы сәтті жүргізіліп, Ұлы жеңіске жеткізгені туралы әділ баяндалады. Бірақ қазіргі уақытта Ресей идеологтары және саясаткерлері жағынан тіпті ойғақ келмейтін ешқандай дәлелдерге қарамайтын неше түрлі көзқарастар шығып жатыр. Тіпті Ресей диктаторы В.Путиннен бастап, осы елдің басқа саясаткерлері Ұлы Отан соғысында біз басқалардың көмегіңіз де жауды жеңіп, жеңіске жететін едік деген көзқарастар орын алып тұр. Әрине осындай пікір, айтып жүргендер Ұлы Отан соғысының тарихын бұрмалап, қазіргі көрші мемлекетте басты идеология болып тұрған «Орыс әлемі» концепциясы арқылы орыс шовинизмінің реакциялық позициясын күшейтуге бағытталған қадамдар деп түсінуге болады. Өткен соғыс оқиғаларына тарихи объективизм арқылы қарайтын біздерге жоғарыда айтылған қазіргі Мәскеу идеологиясын қабылдауға болмайтынымыз заңды және әділ үрдістер деп айтуға толық болады.

1939 жылдың 23-ші тамызында Кеңес Одағы мен фашистік Германия арасында Молотов-Риббентроп пактіне қол-қою Еуропаны бөліске салуға жол ашып, ең соңында осы оқиға екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына ал оның барысында 1941 жылдың маусым айында екі агрессиялық державалардың арасында ашық соғыс басталуына әкеліп соқты.

Басталып кеткен соғыс КСРО басшыларының соғысқа дайын емес екенін көрсетті. Сондықтан, ендігі оқиғалар тек майдандағы қарулы күреспен қатар барлық республикалардың резервтерін пайдалану арқылы әскери экономиканы құруға тікелей байланысты болып шықты.

Соғыстың бастапқы айларында Қызыл Армия бұдан бұрын болмаған ірі жеңілістерге және миллиондаған шығынға ұшырады. Соның негізінде жау Латвияны, Литваны, Эстонияны, Молдавияны, Белоруссияны, Украинаны, сонымен қатар Ресей Федерациясының батыс аймақтарының басып алды [1, с.114]

Басталған агрессияға қарсы халықты жұмылдырып жеңіске жету үшін Басқарушы Коммунистік Партияның Орталық Комитеті КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы және Кеңес Үкіметі бүкіл жоғарғы басқарушы билікті бір органға беріп майдандағы және тылдағы мәселелерді шешетін және тез іске асыратын жаңа орган құрды. Осы орган ретінде 1945 жылдың 30-ші маусымында Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті (ГКО) құрылып, ол елдің батыс аймақтарында төтенше жағдай жариялап, қысқа мерзімді майданды толық қамтамасыз ететін әскери экономиканы құру туралы шешім қабылдады [2, с.233].

Фашист басқыншыларына қарсы басталған соғыс барлы одақтас республикалардың көп ұлтты Қызыл Армияның әскери арсеналына айналуына әкеп соқты. Енді ол майданды қару-жарақ дәрі дәрмекпен және азық тәулікпен қамтамасыз ететін болды.

Соғыс халық шаруашылығын дамытуға ерекше қиыншылықтар тұғызды, өйткені әскери экономиканы құру орасан зор майданда соғыз жағдайында жүргізілді. Осыған орай атап кету керек жаудың оккупациясында қалған территорияларды соғыстан бұрын көмірдің 63% шығарылатын, шойынның 68%, құрыштың 58% балқытылатын, соғыс қарсаңында аталып отырған аймақта мемлекеттің өнеркәсіп продукциясының 30%, КСРО халқының 75 миллион тұрған еді [3, с.138]. Дәл осы уақытта герман армиясы бүкіл Батыс Еуропаның

материалдық және адами ресурстарын пайдаланып, соғыстың бастапқы кезеңінде айтарлықтай басымдық көрсетті.

Осындай қиын жағдайда КСРО басшылығы орасан зор эвакуация жұмысын ұйымдастырып көптеген өнеркәсіп мекемелерін, құралдарын, шикізатты және миллиондаған адамдарды елдің шығыс аймақтарына көшіріп, олардың тез арада жұмысын ұйымдастырды. Мысалы, соғыс басталғаннан кейін 5 айда КСРО-ның шығыс аймақтарына 1523 өнеркәсіп мекемелері, оның ішінде, 1360 қорғаныс саласындағы зауыттар және 10 миллионнан астам адам көшірілді. Эвакуацияланған кәсіп орындардың 226 - Еділ бойында, 667 – Оралда, 298 - Сібірде, 308 - Қазақстан мен Орта-Азия республикаларында орналастырылды [4, с.275]. Осыған байланысты шығыс аймақтарының тұрғындары Батыстан көшірілген еңбекшілерді жақсы қарсы алып, оларға көп қамқорлық жасағанын атап кету керек.

КСРО-ның әскери экономикасын құруда Қазақстан еңбекшілері ерекше үлес қосты, мысалы; республиканың түрлі түсті металлургия кәсіп орындары бүкілодақтық қорғасынның - 85%, мыстың - 35%, молибденнің -60%, полиметал рудаларының - 80%-н берді. Осы жылдары Қарағанды елдегі ең ірі көмір металлургия базасына айналды. Осыған байланысты мынандай дерек келтіруге болады. 1940 жылы Қарағанды көмір бассейнінде, 1940 жылымен салыстарғанда 3256 тонна көмірді артық берді, сөйтіп, соғыс кезінде өзінің беретін өнімін бірнеше есе көбейтті [5, с.329].

Соғыс жылдары Қазақстанның ауыл шаруашылығының еңбекшілері көптеген табысқа жетті. Олар мемлекетке және майданға 360 млн пұт астық 775 млн. тонна ет тапсырды, бұл көрсеткіш соғыстан бұрынғы деңгейден 4 есе артық болды, осындай жетістіктер республика халық шаруашылығының барлық саларында байқалды. Қазақстан соғыс қиыншылықтарына айтарлықтай төзе білді және жеңе білді. Коммунистік партияның басты органы «Правда» газеті «Қазақстан сыграл громадную роль в Отечественной войне, и его заслуги перед социалистическим Отечеством не забудет история» деп ерекше көрсетіп жазды [6, с.160].

Әскери өнімдерді шығару басқа да республикаларда табысты жүргізілді. Мысалы, Өзбекстанның көмір өнеркәсібі елге көмір беруді 30 есеге, химия өнімдерін 75 есеге, мұнай өндірісін 3 есеге, сонымен қатар бұл ортаазиялық республикаларда 280 кәсіпорындар салынды. Кыргыз республикасында мемлекеттік тапсырмалар аса жоғары деңгейде орындалды, оның ішінде металлургия саласы өнім шығаруын 3 есеге көбейтті. Грузияда металл өңдеу кәсіпорындары өнімдерін 2 есеге көбейтті. Ал Армян республикасында 1941-1945 жылдары жергілікті өнеркәсіп салалары 270 жаңа продукция шығарды [7, с.272].

Соғыс кеңес республикаларының ауыл шаруашылығын дамытуда көптеген қиыншылықтар туғызды, өйткені 1941-1942 жылдары жау: Украинаны, Белоруссияны, Прибалтика, Дон, Кубанды басып алды. Бұл территориялар КСРО-ғы егін өсіретін және мал шаруашылығы дамыған аймақтар болған еді. Енді соғыс жағдайында республикалар егін өсіретін жерлерді кен түрде игеруге кірісті, мысалы; Грузия мен Қырғызстанда жер игеру бес есе көбейді, ал Қазақстанда жаңадан 3 миллион гектар жер игерілді. Сонымен қатар, мал шаруашылығында да табыс айқын байқалды. Мысалы, 1941-1942 жылдары ірі қара мал саны 220 мың басқа өсті, қоймен ешкі саны Арменияда-150 мыңға, Өзбекістанда-1,5 миллионға, Азербайджанда мал саны 1 миллионға, Қырғызстанда жылқы саны - 15 миллионға, Қазақстанда қолхоз малының саны 15 миллионға жетті [8, с.409].

Тылдағы көп ұлттық еңбекшілер коллективтері соғыс жылдары ерекше тәртіппен, ұйымдастырышылық қабілетімен, батылдығымен және патриотизмімен айқын көрінді. Еңбекте ерлік, творчестволық белсенділік көрсете білген кенес халықтары көптеген жаңа қозғалыстарды ұйымдастырды. Мұндай қозғалыстардың басында бронетехника, авиация, және металлургия салалары болды. Бүкіл елді қамтыған еңбек жарыстарына барлық республикалардың еңбекшілері белсенді қатысқаны байқалды.

Соғыс жылдары еңбектегі жарыстың неше түрлі формалары пайда болып, олар көптеген салаларда тез дамыды. Мысалы, 1942 жылдың басында Кузнецк металлургия комбинаты еңбекшілерінің бастауымен домна, мартен, прокат және коксохимия цехтерінің жоспардан тыс металл беру үшін бүкіл одақтық еңбек жарысы басталып, бұл инициативаны

Қазақстанның, Өзбекстанның және басқа республикалардың еңбекшілері толық қолдап шықты. 1941 жылдың аяғында Горький автомобиль зауытында бірінші майдандық бригадалар пайда болып, олар өз міндеттемелерін 150%-қа орындайтын болды. 1943 жылы осындай бригадалардың саны 35624-ке жетті, ал соғыстың аяғына қарай мұндай бригадалардың саны барлық республикаларда 155 мыңнан асты [9, с.54].

Соғыс жағдайында одақтас республикалардың еңбекшілері Қызыл Армияға көмекті күшейту үшін неше түрлі бастамалар арқылы жаңа резервтерді құрды. Соғыс басталсымен жоспардан артық шығарылған продукциядан Армияның Бас Командованиенің ерекше қоры құрала бастады, осының негізінде, 1943 жылы Бас Командованиенің қорына 873 млн. рубль қаржы кірді. Осы бастаманы қолдаған Қазақстанның еңбекшілері соғыс жылдарында аталған қорға 480 млн. рубль қосты. Республикалардың осы қорға қосқан ақшалай қаржысы ондаған әскери құрамаларды әскери техника және басқа қару-жарак пен қамтамасыз етіп, оған қосымша төрт танк корпустарымен шығыс аймақтағы келген әскерлерден 5 атқыштар корпусын құруға мүмкіншілік жасады [10, с.5].

КСРО халықтары мен республикалардың ерен еңбегі арқылы соғыстың бастапқы екі жылында Кеңес Одағының әскери экономикасы Қызыл армияға қару жарактың көптеген түрлерін шығара білді, мысалы, 1943 жылы 34 мың әскери ұшақтар, 24 мың танкілермен 130 мың артиллерия құралдарын шығарды. Дәл осы кезден бастап, Кеңес Одағының әскери қабылеті фашисттік Германияның әскери потенциалынан асып түскенін айқын байқатты [11, с. 215].

1943 жылда бүкіл Кеңес елінде жаңа қозғалыс басталды, соның негізінде азат етілген аймақтарға көмек ретінде КСРО үкіметінің қасында арнайы қор құрылып осы бастама барлық республикаларда қолдау тапты. Сонымен қатар, көптеген республикалар КСРО-н азат етілген территорияларына нақты көмек көрсете бастады.

РСФСР-да Украинаға көмек көрсететін ондаған комитеттер құрылды. Ал Қазақстан өзінің қамқорлығына Украина және Ресейдің Ленинград, Орел, Сталинград облыстарын алды. Сонымен қатар, Азербайжан-Ставрополь аймағына, Өзбекістан-Днепропетров облысына, Туркменстан-Смоленск облысына, Башкортостан, Ворошилов облысына, Удмуртия Белорусияға көмектерін көрсете бастады [12, с.304].

1943 жылдың тамыз айында КСРО үкіметі мен Коммунистік партияның Орталық Комитетті неміс оккупациясынан азат етілген аймақтардағы шаруашылықты қалпына келтіру туралы қаулысы жарияланды [13, с.227].

Осы қаулының шешімдеріне байланысты азат етілген территорияларда ерекше ауқымды халық шаруашылығын қалпына келтіру жұмыстары іске асырыла бастады, ондай шаралар Солтүстік Кавказдағы мұнай өндірісінде көптеген ауыл-шаруашылық орталықтарында қарқынды жүргізілді, сонымен қатар, 1943-1944 жылдары азат етілген аймақтарда 18 мың км. темір жол бағыттары қалпына келтірілді [14, с.301]. Осы кезеңде барлық республикалар Украинадағы ДНЕПРОГЭС және Донбасс Көмір бассейнды қалпына келтіруге ерекше үлестерін қосты. Мысалы, Қарағанды Көмір бассейнінің еңбекшілері тек 1944 жылдың бірінші кварталында Донбассқа 38 вагон техникалық құралдар мен азық түлікті жеткізіп берді [15, с.151].

Жаудан азат етілген КСРО территорияларының халық шаруашылығын қалпына келтіруде ол аймақтарға бүкіл Кеңес Одағының республикаларының мамандары, жұмысшылары және механизаторлары зор көмек көрсетті. Мысалы, Донецк көмір бассейнін қалпына келтіру үшін бригадалар 12 одақтас республикалардан және 29 облыстардан арнайы құрылып жіберілді. Донбас және басқа Украина жерлеріне шығыс аймақтардан командировкаға 200 мыңнан астам кісі барды, тек ДНЕПРОГЭС-ті қалпына келтіру үшін барлық республикалардан 15 мыңнан астам мамандары қатысып зор үлес қосты.

Осы жылдары Қазақстаннан азат етілген Солтүстік Кавказ, Украина және РСФСР батыс облыстарына: 4 мың комбайнер, 145 агроном, 150 механиктер арнайы жолдама арқылы жіберілді. Сонымен қатар, Түркісіб темір жолшылары азат етілген территорияларға 20 мың мамандар мен жұмысшыларды жібергенің атап кету керек сияқты [16, с.349]

Ал, жалпы алғанда майданға көмектескен республикалардың ерен еңбегі арқасында Кеңес Одағының өнеркәсіп салалары 1941 жылдың шілдесінен 1945 жылдың ортасына дейін 312 мың ұшақтар, 102 мың танкілер мен артиллериялық қондырғылар, 833 мың зенбіректер мен минометтер, 1 мыңнан астам әскери кемелер шығарды. Бұл фашистік Германияның мүмкіндігінен әлдеқайда артық еді [17, с.173]

Тақырыбымызды қортындылай келгенде, айтатын қағида мынандай: 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезінде ынтымақтастық пен өз ара көмек көрсете білген КСРО-ң республикалары және патриотизм көрсеткен олардың халықтары Кеңес мемлекетін жаудың шамасы келмейтін әскери лагерьге айналдыра білді. Осының арқасында фашистік Германияны талқандап, Кеңес Одағы тарихи жеңіске жетті. Бұл жеңіс ХХ ғасырдағы ерекше тарихи маңызы бар оқиға еді.

Осыған орай айтатынымыз, осы уақытқа дейін империялық және шовинистік аурудан арылмай келе жатқан қазіргі Мәскеу саясаткерлерінің өткен соғыста орыс халқы өз күшімен жеңіске жететін еді деп көрсетулері, КСРО-ң басқа республикалары мен халықтарының Ұлы Жеңіске қосқан орасан және шешуші үлестерін кемітуге тырысқандары және олардың Отан соғысының оқиғаларын ерекше арсыздықпен бұрмалағаны болып есептеледі. Ұлы Жеңістің 80-жылдығы жақындап келген кезде біздің тарихи ақиқатқа сүйеніп айтатынымыз осы.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Адамбек Б.К. Кеңес Одағының тарихы (1917-1991). – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2018. – 244 б.
- 2 Начальный этап войны. – М.:Воениздат, 1974. – 382 б.
- 3 Новейшая история Отечества ХХ век. Т.2. – М.:ВЛАДОС, 1988. – 448 б.
- 4 История СССР. Эпоха социализма. – М.:Высшая школа, 1985. – 478 б.
- 5 История Казахстана с древнейших времен до наших дней. Алматы «Дәуір»,1993. – 416 с.
- 6 Матюшкин Н.И. Страна великого сотрудничества народов. – М.:Политиздат, 1953. – 324 с.
- 7 Родина Советская, 1917-1980: Исторический очерк. – М.:Политиздат. – 623 с.
- 8 Берхин И.Б. История СССР.(1917-1978). Учеб. пособие для вузов по спец. «История». –М.: Высш. школа, 1979. – 664 с.
- 9 История СССР. 1980. №2. – 72 с.
- 10 Материалы Республиканской научно-практической конференции КарУ им. Е.А.Букетова «Жуасовские чтения – 19» посвященной 70-летию Великой Победы. Караганды: Гласир, 2015. – 280 с.
- 11 История СССР. Учебник. В 2-х частях. Часть II. Под ред. Н.Артемяева. – М.:Высш. школа, 1982. – 351 с.
- 12 Рыспаев К. История Республики Казахстан. Учебное пособие для студентов. – Алматы.:Білім, 2002. – 396 с.
- 13 Сборник документов по истории СССР. Вып. 4. Эпоха социализма (1941-1945 гг.): Учеб. Пособие. – М.:Высшая школа, 1981. – 288 с.
- 14 История СССР. Эпоха социализма. Учебник для вузов. Под. ред. Ю.С.Кукушкина. – М.:Высшая школа,1985. – 479 с.
- 15 История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Т.5. –Алма-Ата.:Наука, 1980. – 695 с.
- 16 Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. – Алматы: «Дәуір», 1994. – 446 б.
- 17 Адамбек Б.К. ХХ ғасырдағы Ресей империясы, Кеңес мемлекеті және ТМД тарихы. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. – 344 бет.